

# **Сабақ тақырыбы: Халықтардың қалыптасу үдерістері**

## **Оқу мақсаты:**

Урбандалу, көші-қон, субурбандалу, этникалық түп-тегі, депопуляция, экономикалық тұрғыдан белсенді халық, консолидация, ассимиляция, қостілділік ұғымдары

## **Жетістік критерийі**

***Білу;*** Халық тақырыбы бойынша берілген барлық терминдердің анықтамасын біліп, мағынасын толық түсіне алады, берілген терминдерді кез-келген мәтін құрастыру кезінде қолдана алады

Ең алғашқы адамдар осыдан 1 млн.750 мың жыл бұрын пайда болды. ХХ ғасырдың 70 жылдарында Танзанияның солтүстігіндегі Олдувай шатқалынан зинджантроп деп аталатын ежелгі адамдардың қаңқасы табылды.

Африкада құрлығында пайда болған адамдар жан-жаққа тарала бастады. Солтүстік Америкаға алғашқы адамдар Беринг бұғазы арқылы осыдан 40 мың бұрын барды. Оңтүстік Америкаға Панама жері арқылы 15-17 мың жыл бұрын қоныс тепкен. Қазақ жеріндегі алғашқы адамдардың қоныстарының белгілері осыдан 500 мың жылдай бұрын Қаратау тауынан табылып отыр.

Географиялық орналасуына байланысты адамдардың сыртқы бейнесі (нәсілдің ерекшеліктер), тілдік, ұлттық, салт-дәстүрлік айырмашылықтары айқындала бастады.

Адамдардың пайда болуы туралы 2 түрлі көзқарас бар:

**Полигенизм** – адамзаттың шығу ата-тегі дербес ата-анадан таралған деп есептейтін антропология ғылымының саласы;

**Моногенизм** - Адамзаттың шығу ата-тегі ортақ деп есептейтін антропология ғылымының саласы;

***Сұрақ:*** сіздің пікіріңіз?

Ғалымдардың есебінше осыдан 15 мың жыл бұрын жер бетінде 3 млн, 7 мың жыл бұрын 6 млн шамасында адам болған. Қазірде Жер шары халқының саны 7,3 млрд шамасында. Бүкіл адамзаттың дамуы барысында жер бетінде 80-85 млрд халық өмір сүрген.

- Жыл сайын өмірге шамамен 140 МЛН. АДАМ
- Әрбір секунд сайын – 3 АДАМ
- Әрбір минут сайын – 175 АДАМ
- Әрбір сағат сайын – 10,4 МЫҢ АДАМ
- Әр күн сайын – 250 МЫҢ АДАМ
- Әрбір апта сайын Жер шарында жаңа «Харков» немесе «Гамбург» қосылады.
- Әр ай сайын - Аустралия немесе Тунис елдерінің халқы қосылады

Мемлекеттің әскери және салық саясатына орай, алғашқы халық санақтары б.з.д. III мыңжылдықта Ежелгі Қытайда және Египетте жүргізілген. Ал XIX ғасырда еуропалық елдер мен Ресей империясының, Үндістан мен Латын Америкасындағы кейбір елдердің халық саны жөнінде ресми мәліметтер алынды. XX ғасырда барлық елдерде дерлік халық санағы жүргізілді: көптеген Азия елдерінде алғашқы санақтар II дүниежүзілік соғыстан кейін өткізілді. 1950 жылы дүниежүзі халқының шамамен 80%-ы халық санағына қамтылды. Африка елдерінде халық санағы 1950 жылдарда халықаралық ұйымдар арнайы бөлген қаржының көмегімен жүзеге асты. Қаржы тапшылығынан мешеу елдердің кейбірінде сол кезеңнен бері санақ жүргізілмеген. Мысалы, алғашқы халық санағы Ауғанстанда 1979 жылы, Оманда 1993 жылы өткізілген.

**Урбандалу** - қала халқының санының өсуі мен қаладағы өмірдің күрделі жүйесінің қалыптасуы.

Урбандалу түрлері:

- Жалған урбандалу;
- Контрурбандалу;
- Реурбандалу;
- Субурбандалу;

Әлем елдері ішінде ең жоғары урбандалған аймақ – Батыс Еуропа және Еуропадағы микроелдер.

Жер беті халқының әлі де 52%-ы ауылдық жерлерде өмір сүреді. Ол Қытай мен Үндістанның есебінен.

Дүние жүзі бойынша ең төменгі урбандалу тән елдер?

Бурунди мен Руанда (5%)

**Сұрақ:**

1. Әлемде қала халқының саны бойынша 1 орындағы ел?
2. Әлемде ауыл халқының саны бойынша 1 орындағы ел?

Жер шарында нақты неше қала бары белгісіз. Себебі қала ұғымының арнайы (нақты) анықтамасы жоқ.

- Исландия мен Данияда халықтың саны 250-ден асса;

- Финляндияда 1000-нан асса;

- Ресейде 12000-нан асса;

- Қазақстанда 25000-нан асса;

- Жапонияда 30000-нан асса қала болып есептеледі.

Ал Африкада халық санына қарамайды. Қала статусына әкімшілік орталықтар енеді.

Егер Ресейде елді-мекендердегі халықтың 25%-нан артығы ауыл шаруашылығында істесе қала болып есептелмейді.



**Көші-қон** (миграция) – адамдардың бір жерден екінші жерге қоныс аударуы.

Адамдардың қоныс аударуларының барлығын **көші-қон** немесе **миграция** деуге болмайды, адам белгілі бір әкімшілік немесе мемлекеттік шекараларды кесіп өткенде ғана **көші-қон** қатарына жатады.

Қазіргі кезде жер бетінде ресми мәлімет бойынша 150 млн.-нан асады.

Дүние жүзі бойынша көшіп-қонушылардың саны бойынша Қазақстан 9 орында.

1 орында – АҚШ;


2 орында – Ресей;

Халық – елдің басты өндіргіш күші ғана емес, сонымен бірге көптеген ұлттардың бірлестігі. Ғалымдар **этнос**, жеке халық түсінігін қолданады. Ал онымен байланыстының барлығын этникалық (ұлттық) деген терминдер айтады. Әрбір ұлттың өз тарихы, тілі, мәдениеті, тарихи отаны болады. Ұлттың бір бөлігінің өз елінен басқа жерде тұруы да мүмкін. Оны – **диаспора** (грек тілінде – «шашылған») д.а

Қазіргі кезде шамамен жер бетінде 5000-нан астам ұлт бар. Орта есеппен аптасына 1 ұлт жер бетінен жойылып отырады. **Мысалы:** Солтүстік Америкада үндістердің 170 ұлтының жойылуына қауіп төніп тұрса, бұл көрсеткіш Аустралия аборигендерінің 250 ұлтына қауіп төндіруде.

Жер шары халқы тілдік ерекшеліктеріне байланысты 20 тіл әулетіне, 45 тіл тобына бірігеді.

## Қазақстандағы тіл әулетінің классификациясы



**Этногенез** – жалпы ұлттардың пайда болуынан бастап жойылған уақытына дейін қалыптасқан даму процесі;

**Этностардың тұтасуы** – тарихи-географиялық себептерге байланысты бірнеше этностардың бірігіп, біртұтас қауымдастық құрау;

**Ассимиляция** – ұлттардың араласуы. Немесе үлкен ұлттардың шағын, саны аз ұлттардың өзіне сіңіріп алуы;

**Билингвизм** – қос тілділік;

**Консолидация** – екі немесе одан да көп әлеуметтік топтарды біріктіру;

**Нәсіл** –

**Ұлт** –

**Халық** –

**Этнография** –

**Экономикалық белсенді халық** - өндірістік және өндірістік емес салада жұмыс істейтіндер және жұмыс істегісі келетін жұмыссыздар:

**Еңбек ресурсы** - қоғамдық өндіріспен айналысатын, немесе оған қатысуға тілек білдірген жұмысқа жарамды халық?

# Тапсырма

Бүгінгі сабақта өтілген географиялық терминдерді қолдана отырып Қазақстан халқына байланысы мәтін жазыңыз

## Үйге тапсырма:

Көші-қонның түрлері мен себептерін, Жер шары халқының аймақтар бойынша миграциясының бағыттарын анықтаңыз

БҰҰ-ның мәліметі бойынша әрбір АҚШ тұрғыны өмірінде 17 рет көш-қон жасар екен. Қазақстанда бұл көрсеткіш қандай болуы мүмкін (дәлелдеңіз).

*БАҒАЛАУ*

*КЕРІ БАЙЛАНЫС*